

**Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы N 114 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қыркүйекте N 4506 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 152 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 11.04.2014 N 152 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға тенестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысына сәйкес Арап аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арап аудандық мәслихатының  
кезекті оны тоғызынышы сессиясының  
төрағасы* *K. Бедер*

*Арап аудандық мәслихатының  
мәслихатының хатшысы* *K. Данабай*

*Арап аудандық мәслихатының  
2013 жылғы "14" тамыздады*

N 114 шешімімен бекітілген

# **Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау ҚАҒИДАСЫ**

1. Осы Арал ауданындағы әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

## **1. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қызылорда облысының статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін Арал ауданының әкімдігі (бұдан – әрі – ЖАО);

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айна отбасының әрбір мүшесіне келетін Ұлесі;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде

бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Арал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалы Арал аудандық бөлімшесі;

10) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімімен құралатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы қағиданың мақсаты үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек болып табылады.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

6. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысы қатысушылары және мүгедектері;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, оның ішінде:

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге түрмаған жесірлері;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар,

а т а п

а й т қ а н д а :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар, оның ішінде:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеву кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен

марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен

марапатталмаған

адамдар;

5) "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған азаматтар;

6) мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеушілер, үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек баларап;

7) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткөр болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардал шеккен адамдар;

8) көп балалы отбасылар, атап айтқанда:

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардакты ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін);

9) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, интернаттық ұйымдардың тәрбиленушілері;

10) жан басына шаққандағы табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан тәмен отбасылары;

11) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтар;

12) әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан білім алушы студенттер, атап айтқанда:

бала кезінен мүгедектер, мүгедектер, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар; жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

интернаттық ұйымдардың тәрбиленушілері;

көп балалы отбасылардың балалары;

ата-анасының екеуі де зейнеткөр болып табылатын балалар;

ата-анасының екеуі немесе біреуі I және II топтағы мүгедек болып табылатын баларап;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан тәмен

отбасылардан

шыққан

балалар;

оралмандардың отбасылары;

13) ауылдық елді-мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог

қызметкерлері.

Адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу

үшін

мұналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкінен

зиян келуі;

3) жетімдік;

4) ата-анасының қамқорлығының қалу;

5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағы қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) мүгедектік;

8) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде аудандық мәслихат бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

7. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындауды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды да

көрсетеді.

8. Әлеуметтік көмек атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, келесі мөлшерде:

1) 9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу  
күніне орай:

саяси құғын-сүргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер  
болып табылатын саяси құғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға – 3 айлық  
есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

9. Жекелеген санаттағы азаматтарға коммуналдық қызметтерге әлеуметтік  
көмек табыстарын есепке алмай, жылына бір рет:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші  
рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер  
мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да  
еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына –  
40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына  
қатысушыларына теңестірілген адамдарға, оның ішінде басқа мемлекеттердің  
аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларына, атап айтқанда:  
бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа

мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының,  
Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери  
қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және  
басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса  
есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан  
кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан  
осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының  
әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға  
жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуулар жасаған ұшу құрамының  
әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен  
жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын  
қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және  
медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге, 1986-1987  
жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери  
мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың  
зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттыгуларға  
тікелей қатысқан адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне  
теңестірілген адамдарға, оның ішінде:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін  
басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы  
салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда

немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтөу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер, әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғыс қатысуышыларына тенестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

10. Жекелеген санаттағы азаматтарға қоғамдық көліктे жүруі үшін әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, ай сайын:

"Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған азаматтар – 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11. Үйде тәрбиленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек білім беру кезеңіне табыстарын есепке алмай, тоқсан сайын - 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

12. Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге әлеуметтік көмек, жылына бір рет 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

13. Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға әлеуметтік көмек алты ай көлемінде ай сайын - 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

14. Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық

дәрежесін алу үшін студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек өнірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан, күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын аудан жастарына тағайындалады.

Студенттерге әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, жергілікті бюджет қаражаты есебінен, жылына бір рет, оқу орнының білім беру қызметінің құны шегіндеңі төлемдерді және тамақтану мен тұру шығындарын өтеуге көрсетіледі.

15. Тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға табыстарын есепке алмай әлеуметтік көмек, жылына бір рет ауылдық елді-мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне - 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

16. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда не әлеуметтік мәні бар аурулары болған жағдайда, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға әлеуметтік көмек, жылына бір рет, әрбір отбасы мүшесіне – 40 айлық есептік көрсеткіш, бірақ 150 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде көрсетіледі.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

17. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті үйымның не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша аудан әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

18. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және/немесе құжатты үсінады.

19. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге

## қ а й т а р ы л а д ы .

20. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілдеп орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

21. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағиданың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілдеп органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілдепті органға жібереді.

22. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілдепті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

23. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілдепті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілдепті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілдепті орган участекелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

25. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

26. Уәкілдепті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 22 және 23-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілдепті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілдепті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде

қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

28. Белгіленген негізdemелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек құntізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең тәменгі құнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

30. Адамның (отбасының) орташа есеппен жан басына шаққандағы табысын есептеуді уәкілетті орган "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө бұйрығына сәйкес жүргізеді.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemелер**

31. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеңтекен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру**

33. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда тиісті банк операциялары түрлеріне лицензиялары бар ұйымдарда ашылған банк шоттарына аудару жолымен екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.

34. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере

о т ы р ы п

т ө л е н е д і .

35. Әлеуметтік көмек беруге шығыстарды қаржыландыру аудан бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

## 6. Қорытынды ереже

36. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына  
1 - қ о с ы м ш а

нысан

Отбасыны тіркеу номірі \_\_\_\_\_

### Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c N	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туган жылы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы  
мәліметтерді қуәландыруға уәкілетті  
органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_  
(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына  
2 - қ о с ы м ш а  
нысан

**Өмірлік киын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мүқтаждығын айқындауға арналған тексеру**

20 ж. " "

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_
  2. Тұратын мекенжайы

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қының жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде:

P/c N	T.А.Ә.	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Омірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері адам.

## Балалардың саны:

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_ адам, оқу күны жылына \_\_\_\_\_ тенге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (*көрсету немесе өзге санатты қосу керек*)

5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көресту көрек) :

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар: \_\_\_\_\_

Отбасының табысы:

Р/с N	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айна	

6. Мыналардың: автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

---

---

---

---

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

---

---

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы \_\_\_\_\_

## Комиссия төрағасы:

## Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстыым: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні \_\_\_\_\_

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына  
3 - қосымша

## Участкелік комиссияның № қорытындысы

20 ж.

Участелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мүқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және  
өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің  
негізінде

---

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)  
адамға (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік  
көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолдары)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_ данада

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті  
орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_